

## Өшпес ерлікке мәңгі тағзым

Биыл Ұлы Жеңіске 76 жыл толды. Қазақ халқының қаһарман перзенттері Ұлы Отан соғысының қан майдандарында ерліктің ғажайып үлгісін көрсетті. Сұм соғыста жау оғымен арпалысып, бейбіт өмір мен мамыражай тірлік үшін жан беріп, жан алысқан аға ұрпақтың бұл ерлігін ұмытуға тиіс емеспіз.

Кертінді ауылынан, яғни Қызыл-Тал ауылдық округі бойынша майдан шебіне 200-ге жуық жауынгер алынған еді. Солардың бірі де бірегейі - Ұлы Отан соғысының ардагері Жұртболов Мұхаметжан атамыз 1920 жылы туған.

1942 жылы Ұлы Отан соғысына шақырылған. Кіші командирлер даярайтын полк мектебінен алты айлық курстан өтіп, сержант шенін алады.

1942 жылы ақпан айынан 1942 жылдың 22 тамызына дейін Сталинградта 49-шы атқыштар полкінде

атқыш болып қиян-кескі шайқасқа қатысады.

1943 жылы қаңтар айынан 846-шы артиллерия полкінде командир көмекшісі болады және 1943 жылы КПСС қатарына алынады.

1945 жылдың қаңтар айынан шілде айына дейін 203-ші артиллерия полкінде зеңбірекшілер командирі, ал 1945 жылдың шілде айынан 1946 жылдың мамыр айына дейін 616-шы артиллерия полкінде зеңбірекшілер командирі болды.

1945 жыдың 9 тамызынан 3 қыркүйекке дейін Жапониядағы соғысқа қатысқан.

1946 жылы 4 мамырда СССР Жоғары Кеңес жарлығымен дембельге шықты. Елге оралғаннан кейін де елінің өркендеуіне зор үлес қосты. Соғыстан аман-есен оралғаннан кейін Қызыл-Тал селолық советінің төрағасы болып тағайындалды және аудандық партия



комитетінің ұйғаруымен Қызыл-Тал сельсоветінің жанындағы партия ұйымының хатшысы болып бекітілді, сонымен қатар аудандық партия комитетінің «Сталин жолы» газетінің

тілшісі болған. Қазақ орта мектебінде мектеп директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары болып біраз қызметтер атқарған.

«Ерлігі үшін», «Сталинградты қорғағаны үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Жапонияны жеңгені үшін» сынды медальдармен марапатталған.

Өкінішке орай, соғыс уақытында алған көптеген марапаттары сақталмай қалған.

Кешегі тарихын ұмытпаған елдің ғана болашағы жарқын болады. Бүгінгі бейбіт күнге жеткізген майдангерлеріміздің ерлігі ешқашан ұмытылмайды.

**Б.К. Ахтямова**  
**Кертінді үлгілі ауылдық**  
**кітапханасының кітапханашысы**